


Коучинг

*Оқыту мен оқу
үшін бағалау*



Бастауыш сынып мұғалімі:
Шабикова А.Ж.

Жалпы мақсаты: Бағалаудың түрлерін білудің маңыздылығы туралы пікірлесу, тиімді жолдарына бағыттау, дұрыс пайдалану жолдарын үйрету.

Оқу нәтижелері: Бағалау туралы нақты түсінік алады, оны қолдану жолдарын үйренеді, сыни көзқарастары қалыптасады, өз ойларын ортаға салады, өзгенің пікірін тыңдайды

Түйінді идеялар: Бағалау түрлерін сабақтарында пайдалану жолдарын іздейді, тиімділігін түсінеді. Формативті бағалау, суммативті бағалау.

Психологиялық ахуал

Шаттық шеңбер

«Қаражорға» биі

Топқа бөлу



I топ - "Сыпайылық"

II топ - "Ізеттілік"

III топ - "Инабаттылық"



Ой қозғау

“Дейін - кейін”

- Бағалау дегеніміз не?
- Бағалаудың қандай түрлерін білесіздер?
- Сіз сабақта нені бағалайсыз? «5», «4», «3», «2» деген бағаларды қалай қоясыздар? Бұл бағаларды қойғанда нені ескересіз?

Жеке тапсырма:

Мысықтың суретін салу

Критерий бойынша бағалау

Бағалау критерийі:

Қағаз бетіне орналасуы

Толық қағаз бетіне – 3 ұпай

Жарты қағаз бетіне-2 ұпай

1\3 бөлігінде– 1 ұпай

Түстердің үйлесімділігі

4 түсті – 3 ұпай

2-3 түсті- 2 ұпай

1 түсті– 1 ұпай

Дене мүшелерінің саны

5 мүшесі болса – 3 ұпай

3-4 мүшесі болса – 2 ұпай

1-2 мүшесі болса- 1 ұпай





Критерий бойынша ұпайлардың санын қосады

9 ұпай – «5»

8-6 ұпай – «4»

5-3 ұпай – «3»



Бүгінгі мектептегі білім

беруде **Баға – Бағалау –
Сандық баға** деген ұғым
бар.

Біз үшін бұл үш
сөз синонимдес
болғанымен,
әр түрлі ұғымды
білдіреді.



Бағалау - оқушылардың оқу – танымдық әрекеттерін бақылау, оның білім деңгейін анықтау үшін ақпарат жинау;

Баға беру - бағалаудың нәтижесі, яғни сапалы кері байланыс;

Баға - символ, оқу жетістігін не санмен, не сөзбен таңбалау.



«Бағалау» термині жақын отыру дегенді білдіреді, себебі бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін бақылауы болып табылады.



Формативті

Оқыту үшін
бағалау,
Қалыптастырушы
бағалау
Ағымдағы бағалау

Бағалау:



Суммативті

Оқуды бағалау
Жиынтық баға

Топтық жұмыс

Постер қорғау

1-топ: Оқыту үшін бағалау

2-топ: Оқуды бағалау

3-топ: Критериалды бағалаудың ерекшелігі.

ФОРМАТИВТІ БАҒАЛАУ

Оқыту үшін бағалау – формативті бағалау - қалыптастырушы бағалау – ағымдағы бағалау болып келеді.

Формативті бағалау күнделікті сабақта үлкен рөл атқарады, себебі күнделікті оқу жетістіктері мен кері байланыс оқушыларға өз оқуы туралы қорытынды жасауға және нәтижені жақсарту үшін керекті шешім қабылдауға ықпал етеді.

Формативті бағалау оқушының әр сабақтағы іс - әрекетін бағалайды. Бұл жерде оқушының сабақтағы белсенділігі, еркін өз ойын білдіруі, сыныптастарына көмектесуі, бірлесіп жұмыс жасауы.

Формативті бағалау баға қоюмен жүзеге асырылмайды.

Мақтау, мадақтау, жылы шырай таныту, қолдау көрсету, ынталандыру формативті бағалаудың түрлері болып табылады.

СУММАТИВТІ БАҒАЛАУ

Оқуды бағалау – суммативті баға - жиынтық баға - болып келеді.

Суммативті оқыту, керсінше, оқушылардың осы кезеңге дейін оқығанын қосып бағалау немесе білім деңгейі мен оқу дағдыларын анықтау үшін қолданылады.

Суммативті бағалау белгілі бір уақыт аралығындағы оқушының алған білімін тексеру болып табылады. Қорытынды баға формативті және суммативті бағалаудың қосындысының нәтижесінде шығарылады.

Суммативті бағалау қорытынды, тоқсандық баға, емтихан бағасы, тоқсан аяқталғанда (тест, бақылау жұмысы) қойылатын баға.

Қалыптастырушы баға жиынтық бағаға қызмет жасайды.

Суммативті



Формативті

Белгілі бір деңгейлі өлшемді өлшеу тәрізді, бірақ бұл іс-әрекет гүлдің өсіп, өнуіне ықпалы тимейді



Гүлдің қажеттіліктерін ескеріп, жағдай жасап, баптап, өсірумен тең



Мұғалімдер мектеп іс-тәжірибесінде оқушыларды формативті бағалаудың бір ғана түрін қолданады. Оқушыларды білім алуға ынталандыруда формативті бағалаудың 12 түрін толық қолдануы оң нәтижелерін берері сөзсіз. сабақтар барысында формативті бағалаудың келесі түрлерін қолдандандуды ұсынамын:

- Қол белгісі немесе "Сұқ саусақ" арқылы бағалау;
- Шапалақтау немесе мадақтау;
- Стикерге бағалау;
- " 2 жұлдыз, 1 тілек";
- "Мақсат ағашы" арқылы бағалау;
- Өзін - өзі бағалау;
- Жұпта бірін -бірі бағалау;
- Топта бірін - бірі бағалау және т.б.



«Бас бармақ» тәсілі

Барлығын түсіндім ---



Енді түсініп келемін ---



Түсінбедім ---



Бағалау түрлері

- **Ішкі жиынтық бағалау (суммативті)** – Ішкі жиынтық бағалау мектеп әкімшілігі және мұғалімдермен жүргізіледі яғни қорытынды, тоқсандық баға, емтихан бағасы, тоқсан аяқталғанда (тест, бақылау жұмысы) қойылатын баға.
- **Сыртқы жиынтық бағалау** – бұл жоғарғы мектеп
- (11-сынып), негізгі мектеп (9- сынып), бастауыш сынып (4-сынып) оқу сатысы аяқталған кезеңдегі қалыптасқан білім мен оқу дағдыларының деңгейлерін анықтау; (ОЖСБ; ҰБТ; PISA т.б)
- **Жиынтық бағалау** – белгілі бір мерзімдегі (тоқсан, жарты жылдық, жылдық) оқу жетістігінің деңгейін анықтау үшін орындалатын оқушының жұмысы.

LOGO

Оқытуды жақсартудың бес басты

Факторлары

Оқушылармен кері байланысты тиімді қамтамасыз ету.

Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы.

Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды өзгерту.

Оқушылардың өзін-өзі бағалауы

Өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсіну қажеттігі.

Сыйлық жасау

Берілген қағаздан гүл
шоқтарын жасау



Бағалау өлшемдеріне қарап қайта бағалау жүргізіңіздер

	Критерийлер	Дескрипторлар	Ұпай
1	<u>Көркемділігі</u>	<i>1.Талғамы жоғары</i>	<u>2</u>
		<i>2.Төмен</i>	<u>1</u>
2	<u>Орнықтылығы</u>	<i>1.Орнықты</i>	<u>2</u>
		<i>2.Орнықты емес</i>	<u>1</u>
3	<u>Көлемі</u>	<i>1. Талапқа сай келеді</i>	<u>1</u>
		<i>2.Талапқа сай емес</i>	<u>0</u>

Топтық бағалау

“Екі жұлдыз, бір тілек”



Кері байланыс

“Дейін - кейін”

- 1) Бүгінгі коучингте бағалаудың неше түрі пайдаланылды?
- 2) Сіз үшін қайсысы тиімді?



Кері байланыс «Бес саусақ» әдісі

